

ПРЕСС-РЕЛИЗ

25 августа 2011 года

г. Астана

Национальная компания «КазМунайГаз» сообщает о подписании Соглашения о мобилизации и эксплуатации буровой установки с корейскими компаниями

25 августа 2011 года в г. Астана в рамках казахстанско-южнокорейского бизнес-форума АО НК «КазМунайГаз», КС Kazakh B.V. и КС Kazakh Panama S.A. подписали Соглашение о мобилизации и эксплуатации буровой установки.

Целью подписания данного документа является определение взаимных прав и обязательств сторон в отношении мобилизации, права собственности и эксплуатации буровой установки.

Начало работы по подготовке данного соглашения положили договоренности АО НК «КазМунайГаз» (далее - НК КМГ) и Корейского Консорциума Каспийского Нефтяного Проекта (далее – Корейский Консорциум) по реализации проекта «Жамбыл». Кроме того, одним из условий подписанного 24 февраля 2005 года Соглашения о принципах по проекту «Жамбыл» является обязательство корейской стороны по строительству и мобилизации буровой установки на Каспийском море.

В октябре 2008 года НК КМГ и Корейский Консорциум подписали Соглашение о принципах по строительству буровой установки. Строительство буровой установки осуществляется с августа 2010 года на верфи компании DSME в Румынии, окончательная сборка будет осуществлена в Казахстане компанией «Ерсай Каспиан Контрактор».

Строительство буровой установки создаст дополнительные возможности для проведения разведочного бурения в мелководной части казахстанского сектора Каспийского моря.

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов, представляющий интересы государства в нефтегазовой отрасли Казахстана. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

25 тамыз 2011 жыл

Астана қаласы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы корей компанияларымен бұрғылау қондырғыларын жұмылдыру және пайдалану туралы Келісімге қол қойылғандығы туралы хабарлайды

2011 жылдың 25 тамызында Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, КС Kazakh B.V. және КС Kazakh Panama S.A. Қазақстан-Оңтүстік Корея бизнес-форумының аясында бұрғылау қондырғыларын жұмылдыру және пайдалану туралы Келісімге қол қойды.

Осы құжатқа қол қоюдың мақсаты тараптардың өзара құқықтар мен жұмылдыруға байланысты меншік құқын және бұрғылау қондырғысын пайдалану жөніндегі міндеттерін анықтап алу болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ ҰК) және Каспий мұнай жобасындағы Корей Консорциумы (бұдан әрі - Корей Консорциумы) арасындағы «Жамбыл» жобасын жүзеге асыру жөніндегі уағдаластықтар осы келісімді дайындау жұмыстарын жүргізудің негізін салған болатын. Сонымен бірге «Жамбыл» жобасы қағидаттары бойынша 2005 жылдың 24 ақпанында қол қойылған Келісімнің шарттарының бірі Каспий теңізінде бұрғылау қондырғысының құрылысы және жұмылдыру жұмыстарын корей жағының міндетіне алуы болып табылады.

2008 жылдың қазан айында ҚМГ ҰК мен Корей Консорциумы бұрғылау қондырғысы құрылысының қағидаттары жөнінде Келісімге қол қойған болатын. Бұрғылау қондырғысының құрылысы 2010 жылдың тамыз айынан бастап Румыниядағы DSME компаниясының верфінде жүргізілуде, ал соңғы құрастыру жұмыстарын Қазақстанда «Ерсай Каспиан Контрактор» компаниясы жүзеге асырады.

Бұрғылау қондырғысының құрылысы Каспий теңізінің Қазақстан секторындағы таяз сулы бөлігінде барлау-бұрғылау жұмыстарын жүргізуге қосымша мүмкіндік береді.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	